

Н.П.Тәңкіш, А.Б.Шалдарбекова

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан.

E-mail: tankish81@mail.ru, Aishaldar1975@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚИТУ ПЕДАГОГЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Мақала болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының кейбір мәселелерін ашуға, сондай-ақ еліміздің болашақ дамуының негізгі шарты ретіндегі қоғамға қажетті кәсіби іс-әрекеттің барлық салаларындағы мамандардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру барысындағы рухани негіздерді талдауға бағытталған. Халқымыздың озық дәстүрлері мен ұлттық мәдени негіздерін жаңғыртудың жолдары, сонымен қатар ол ұлттық идея мен ұлттық саясатты нығайту мәселелері сипатталады. Мұндағы ұлттық идея деп отырғанымыз, «Қазақ елі – Мәңгілік ел». «Мәңгілік ел болу дегеніміз – қазақтың әлемде қазақ болып қалуы, оның тілі, діні, ділі, болмысы, мәдениеті, әдеп-ғұрпы, рухы өшпей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, дүниеде өзінің қайталанбас ізін қалдыруы. Осы қасиетті міндетті қоғамның барлық саласы түсініп, орындалуына бір кісідей атсалысса, Мәңгілік елді қамтамасыз ететін ғылыммен біте кайнаған экономика, білім мен ғылымға негізделген қоршаған орта қалыптасатыны айтылады. Ұлттық идея ақпараттық қоғамдағы жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамытудың негізі ретінде қарастырылады. Сондықтан «Қазақ елі – Мәңгілік ел» идеясы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру ұлттық жобасымен және рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырумен тікелей байланысты екендігі айқындалған.

Мақалада «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында ұлттық тәрбие беру үдерісі тұғырларының бірі ретінде жастардың, болашақ мамандардың, жалпы халықтың бойында болуы керек ұлттық рухты қалыптастыру жолдары көрсетілген. Авторлар «Мәңгілік ел» ұлттық идеяның теориялық қана емес, қолданбалылық қырларына ден қоя отырып, «Біз кіміз?», «Қайдан келдік?», «Қайда барамыз?» деген сұрақтарға жауап іздестірген. Осы сұрақтарға жауап беру барысында қазіргі жастар қандай қиын-қыстау заман болса да намыс, парыз, кісілік, кеңпейілділік, жомарттық, парасаттылық, ұйымшылдық, қамқорлық, қонақжайлық, қанағатшылдық сияқты қасиеттерді бойынан жоғалтпаған халықтың ұрпағы екендігі айтылып, «намыс», «парыз», «кісілік» сияқты категорияларға философиялық тұрғыдан терең талдау жасалған. Сондай-ақ ол Алаш қайраткерлерінің бойында болған күш жігер, ата-баба, туған жер алдындағы жауапкершілік, ел үшін өмірін беруге даяр перзенттердің жан қиярлық еңбектерінің мысалында көрсетілген.

Қазақ үшін ұят өлімнен күшті. «Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді», – деп бекер айтылмаса керек. Жастарға бірінші кезекте осы намыс ұғымының мәнін танытудың бір мысалы ретінде «жалған намыс» пен «ақиқат намыстың» аражігі ажыратылып көрсетілген. «Намыс» қазақ халқының түсінігінде ең жоғарғы адами қасиет, ең жоғарғы құндылық екендігі Кенесары, Наурызбай, Ағыбай сияқты батырлар ұлт намысын өз өмірлерінен жоғары қойғандығы негізінде дәйектелген.

«Парыз» адамның ішкі адағершілік санасын, тәртібін бақылап отыратын ішкі адами ұстын ретінде көрсетіліп, ол әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» еңбегіндегі басшы қасиеттерімен ұштастырылған.

Тұлғаның, білім алушының, түптеп келгенде болашақ кәсіптік оқыту педагогының интеллектуалды дамуының теориялық негіздерін айта келе, авторлар орыс психологы А.Ф.Лазурский бөлін көрсеткен адамның интеллектуалды белсенділігінің деңгейлерін талдаған. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және кәсіби қалыптасуында әлеуметтік ортаның рөлін қарастырып, әлеуметтік педагогиканың да

алатын орнын атап өткен. Білім алу тек жай ғана сауатты болу ғана емес, тұлғаның өз болмысын, сонан соң дамыған тұлғаның жоғары сұранысына қарай айналадағы ортаны өзгерту мүмкіндігі екендігі ашып көрсетілген. Мақаланың жаналығы болашақ мамандарға «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында ұлттық тәрбие беруде ұлттық құндылықтардың ролін көрсетіп, ұлттық тәрбие берудің жолдары мен тетіктерін көрсету барысында айқындала түседі.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, мәңгі ел, интеллектуалды ұлт, парыз, интеллект, ақыл-парасат, түсінік, таным.

Кіріспе. Тәуелсіз Қазақстанның ширек ғасырдан астам өмірінде қоғамның барлық саласында кешенді өзгерістер болды. Жаһанданумен қатар келген қазіргі заманның санқилы үдерістері адамзат алдына бұрын-соңды болмаған тың әлеуметтік мәселелерді қойып отыр. Ол – әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай еңбек ету, бәсекеге қабілетті өмір сүру, бәсекелестікке ұмтылатындай іскер маман болу. Мұны нарықтық экономиканың құралы деп түсінуіміз керек. Қоғамымыздың қарыштап дамуы кезеңінде адамның жай қабілеттілігі мен біліктілігі әлемдік бәсекелестікке төтеп беруі үшін жеткіліксіз болып отырғаны белгілі. Осы жолда ұлттық болмысымызды сақтай отырып сананы жаңғыртудың маңызы зор. Ал оның басты шарты халқымыздың озық дәстүрлері мен ұлттық мәдени негіздеріне арқа сүйеу және соларды жаңғырту болмақ. Әрине, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың да негізгі шарты осы.

Қазіргі таңда жалпы әлемдік кеңістікке ерудің негізгі шарты ретінде интеллектуалды ұлтты қалыптастыру мәселесі күн тәртібінің маңызды мәселесі болып отыр. Интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың негізгі индикаторлары – адам капиталын қамтамасыз ету. Әрбір тұлғаның, мемлекеттің әрбір азаматының тұрмыс жағдайын, денсаулығын, білім алу мен кәсіппен айналысу мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Біздің мақаламыз болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының кейбір мәселелерін ашуға, сондай-ақ еліміздің болашақ дамуының негізгі шарты ретіндегі қоғамға қажетті кәсіби іс-әрекеттің барлық салаларындағы мамандардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың рухани негіздерін талдауға бағытталған.

Шетел зерттеушілерінен болашақ педагогтардың кәсіби қалыптасуы, педагогтың біліктілігі мен тәжірибесі мәселесі төңірегінде В.Г. Бочарова, Ю.В. Василькова, М.А. Галағұзова, А.В. Мудрик, Ф.А. Мустаева, Р.В. Овчарова, В.А. Сластенин және т.б. ғалымдар айналысты. Болашақ педагогтың маңызды тұлғалық сапалары турасында, кәсіби маманның бойында табылуы тиіс қасиеттер мен оның кәсіби әдістерінің құпиялары туралы Ф.А. Мустаева және т.б. зерттеушілер қарастырды. А.Б. Бекманова, Ш. Құрманалина, С. Жолдасбекова, В. Гряникова, С.И. Ферхо, Ф.К. Шоқанова, М.В. Семенова, Г.А. Колесникова, М.Б. Мұқашева, Г.К. Құлжанбекова, Ш.К. Жантілеуова, Н.Р. Шаметов еңбектерінде болашақ педагогтың жұмысының әдістемесі мен технологиясы мәселелері көрініс тапқан.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық, кәсіби қалыптасуы, педагогтың біліктілігі мен тәжірибесін шыңдауды дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы құндылықтар тұрғысынан қамтамасыз етудің жолдарын философиялық тұрғыдан талдау және оның қазақ халқының ұлттық идеясымен тарихи сабақтастығын көрсету мақаланың мақсаты болып саналады.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және кәсіби қалыптасуын халқымыздың жүрін өткен жолында жоғары құндылық ретінде қалыптастырған «парыз», «намыс», «кісілік» сияқты категориялар арқылы қалыптастыру мәселесін философиялық тұрғыдан сараптау қазіргі кезеңде ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту бағытындағы атқарылып жатқан шараларға, мемлекетіміздің осы бағыттағы «Рухани жаңғыру» жолындағы іс-тәжірибесіне теориялық деңгейде аз да болса өз үлесін қосады.

Негізгі бөлім. Халқымыздың озық дәстүрлері мен ұлттық мәдени негіздерін жаңғыртудың жолы – ұлттық идея мен ұлттық саясатты нығайту. Ұлттық идея деп отырғанымыз, «Қазақ елі – Мәңгілік ел». Негізінен «Мәңгілік ел» идеясы тарих қойнауынан тәуелсіздіктің жиырма үшінші жылында ғана жарыққа шықты. Сонау ертедегі тарих сүрлеуінен бастау алып, жарқын болашаққа жетелейтін шамшырақ ретінде қайтадан түледі.

Осы тақырыпты өрбітсек, «Қазіргі Қазақстан – «Мәңгі ел» атауымен тарихқа енген түрік қағанатының тарихи-рухани мұрагері. «Ресми тарих түріктер құрған мемлекетті қағанат – «Түрік қағанаты» деп, ғылымға енгізгенімен, түріктердің өздері олай атамаған. Олар өз мемлекетін «ел»,

ал далалық империяға айналған кезде «мәңгі» сөзімен толықтырып «Мәңгі ел» деген атауды қалыптастырған. Сондықтан жанаша жыл санаудың 552 жыл Орталық Азияда түріктер құрған далалық империяның ресми атауы – «Мәңгі ел» екенін есте ұстаған жөн» [1, 13 б.], – деген Қойшығара Салғараұлының ескертпесі өте орынды айтылған.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы – сан ғасырлардан бері уақыт пен кеңістік сынына төтеп беріп, «мың өлін, мың тірілген», озбырлық пен күш көрсетуге мойымай, бастыны еңкейтін, тізеліні бүктірген, ешуақытта еңсесін түсірмей тек қана алға ұмтылған халық рухының жасампаздық қуатын жаңғыртқан ұлағатты, теңеурінді, кешенді идея [2, 545 б.].

«Мәңгілік ел» – әлемдегі Қазақстанның бағыт-бағдарын, межесі мен мәресін, болашаққа ұмтылысын айқындайтын стратегиялық өлшем. Ол Қазақстанды тек мемлекет ретінде ғана емес, бірлескен ұлт ретінде көрсетеді. Мәңгілік ел болу дегеніміз – қазақтың әлемде қазақ болып қалуы, оның тілі, діні, ділі, болмысы, мәдениеті, әдеп-ғұрпы, рухы өшпей ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, дүниеде өзінің қайталанбас ізін қалдыруы. Осы қасиетті міндетті қоғамның барлық саласы түсініп, орындалуына бір кісідей атсалысса, Мәңгілік елді қамтамасыз ететін ғылыммен біте қайнаған экономика, білім мен ғылымға негізделген қоршаған орта қалыптасады. Сондықтан да бұл ұлттық идеяны ақпараттық қоғамдағы жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамытудың негізі ретінде қарастырған жөн.

«Қазақ елі – Мәңгілік ел» идеясы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру ұлттық жобасымен, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырумен тікелей байланысты. Бұл әрекет «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасының көздеген мақсаты болып саналады. Егер ұлт бәсекеге қабілетті болып, өзінің ғылыми, мәдени, білімі мен білігін еркін тарату әлеуетіне еге бола отырып, адамгершілік, мәдени құндылықтарды терең сақтап, өзінің тілі, діні, ділі, рухы, болмысы, мәдениеті мен әдеп-ғұрпын өшірмей ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра алған халықты интеллектуалды ұлт дейміз. Ал интеллектуалды ұлт болып қалыптасудың негізгі индикаторлары – тұлғаның, сол халықтың дұрыс, қанағаттанарлық тұрмыс жағдайы, жоғары білім және ғылыммен айналысудың қолжетімділігі, жұмыс, баспана және денсаулықты сақтау үшін тегін медициналық қызметпен қамтамасыз етілуі [2, 545 б.].

«Мәңгілік ел» идеясы тарих қойнауынан тәуелсіздіктің жиырма үшінші жылында ғана жарыққа шықты деп жоғарыда айттық. Енді оның дәл сол жылдары қайта түлеуінің себептері де жоқ емес. С.Б.Даутова «М.Әуезов шығармашылығы және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының сабақтастығы» атты мақаласында ол туралы былай дейді: «Өз дамуының белгілі бір жетістікті кезеңіне жеткен кез келген ел ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп бергендей, ұлттық идея ел дамуының түбегейлі жаңа сатысына көтерілуінің орасан зор мақсаты жолындағы қоғам мен мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және басқа барлық күштерін біріктіру міндеті туындаған тұста пайда болады. Ұлттық идея этностық, діни, мәдени және өзге де қауымдастық пен біріккен адамдар тобының бөлісетін ұжымдық жады, мақсат-мұраттары мен арман-аңсарларының, дүниетанымының, көзқарастары мен құндылықтарының кешенді жиынтығын білдіреді. Ұлттық идея мәңгілік елдің, тәуелсіздіктің берік тұғыры. Ұлттық идеясы. Не ауызбіршілігі жоқ елдің тәуелсіздігі мен оның мызғымастығы тұрлаусыз. Сондықтан осы мәңгілік ел мен елдің тәуелсіздігінің баянды болуының бірден-бір алғышарты мен ең негізгі құрауыштарының бірі – «ұлттық идея» болып саналады [3, 169 б.].

Ұлттық идея – халықты топтастыратын, ел болашағы үшін бір мақсатқа біріктіретін асқақ рух. Енді сол рухты жастардың, болашақ мамандардың, жалпы халықтың бойына қалай дарытуға болады? Кезінде тәуелсіздік үшін күрескен Алаш қайраткерлерінің бойындағы күш-жігерді, ата-баба, туған жер алдындағы жауапкершілікті, Қазақстанның баянды болашағына деген нық сенімді олардың бойына қалай орнықтырамыз? Ол үшін ұлттық идеяның теориялық қана емес, қолданбалық қырларына ден қоя отырып, «Біз кімбіз?», «Қайдан келдік?», «Қайда барамыз?» деген сұрақтарға жауап іздеген жөн деп ойлаймыз.

Шығыс халқының данасы Лао Цзы «Өзгелерді білетін адам – ақылды, өзін білетін адам – данышпан» деген пікірін алға тарта отырып, ең алдымен «Біз кімбіз?» деген сұраққа жауап беріп көрейік.

«Қазіргі Қазақстан – «Мәңгі ел» атауымен тарихқа енген түрік қағанатының тарихи-рухани мұрагері деп жоғарыда айттық. Төрт түлік малын жанымның, жаным – арымның садағасы деп

есептеген қазақ ұшы-қиыры жоқ иен далада тіршілік етті. Жері қалай кең болса, пейілі сондай кең болған. Ата-бабаларымыздың өмірі – көшпелі өмір. Көшпелі өмір шексіздігі ерекше мәдениеттің, өнердің, шығармашылық шабыттың шыңдалуына негіз болды. Көшіп-қону, ұзақ жол қазақтардың бойында шыдамдылық, өзара түсіністік, қамқорлық, ұйымшылдық, тәртіптілік және тағы да басқа адамгершілік қасиеттерді тәрбиеледі. Баланы бесікте жатқан кезінен бастап тәрбиелеуге тырысты. З.К. Аюпова, Д.Ө. Құсайынов «Қазақстандағы білім жүйесінің рухани арналары мен саяси философиялық бағыттары» атты мақаласында ол туралы былай дейді: «Біздің ежелгі замандағы ата-бабаларымыз ұрпағына білім беру негізін бесікте жатқан кезінен бастап қалаған. Баласын өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы ұлттық тәлім-тәрбиенің негізімен сусындатқан. Оларға да сол кездерге сай табиғатқа табыну, ата-бабалардың әруағына сыйыну тән еді. Табиғат күштерін киелі рух деп ұғып, оларға құрбан шалатын. Сондай-ақ күнге, отқа, айға, жұлдыздарға табынатын. Аспан шырақтары жыл қайырудың негізі саналды. Мал баққан көшпенділер көшіп-қону кезінде аспан денелерінің қозғалысын бақылай жүріп, ондағы белгілі заңдылықтарды өмірде пайдалана біліп, соларға қарап жолдарды, егін салу мерзімін белгіледі, әдіт-ғұрыптарды реттеп отырды. Сол кезде негізі қаланған салт-дәстүрлердің қанша ғасыр өтсе де өзгеріске түспей бізге де жеткенінің куәсіміз [4, 123 б.]».

Үнемі қауіпті сезініп өмір сүрген халқымыз мына дүниеден алудан гөрі осы өмірде болуды жоғары мақсат тұтты. Өмірдің әрбір сәтін бағалап, жаратқанға қамшының сабындай қысқа ғұмыры үшін шүкіршілік ете білді. Қазіргі таңда ата-бабамыздан мирасқа қалған кеңпейілділік, жомарттық, парасаттылық, ұйымшылдық, қамқорлық, қонақжайлық, қанағатшылдық қасиеттермен қатар «намыс», «парыз», «кісілік» сияқты категорияларды терең талдап көрсетуді жөн санап отырмыз. Мынадай жаһандану жағдайында өзіміздің қазақи, ұлттық негіздерімізге, ұлттық болмысымыздың іргесі саналатын қасиеттерімізге оралу – заман талабы.

Қазақ үшін ұят өлімнен күшті. «Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді», – деп бекер айтылмаса керек. Жастарға бірінші кезекте осы намыс ұғымының не екенін танытып, намысты болуға баулудың маңызы өте зор.

Намыс – қазақ халқының түсінігінде ең жоғарғы адами қасиет, ең жоғарғы құндылық деуге болады. Десек те осы намыс ұғымы ғылыми тұрғыдан мүлдем зерттелмеген. Философия ғылымдарының докторы Г.Ж. Нұрышева: «Намыстың ғылыми сипаттамасын беруге талпынсақ, оны әрбір адамның өзінің еркіндігі мен тәуелсіздігін, рухы мен жанын, ар-ұяты мен сенімін, саналы тіршілік етуші ретіндегі «менін» аса жоғары, асқақ, өр дәрежеде қадір тұту, қастерлеу сезімін ақыл-оймен ұштастырып, сана деңгейінде игере білу деген анықтама беруге болады», – деп көрсетеді [5, 14 б.]

Намысты екіге бөліп қарастыруға болады: жалған намыс және ақиқат намыс. Жалған намыс сезім деңгейінен жоғары көтеріле алмайтын, ақылдың бақылауынан шығып кететін, соның нәтижесінде адамды адасуға алып келетін қасиет. Ол өр көкіректіктен, менмендіктен, не өзгені мойындай алмай, не өзіңді мойындата алмағаннан туындайды. Ал ақиқат намыс жалған намыстан жоғары, ол ақылмен үндеседі, ақылға бағынады. Қазақтың қаһармандық және лиро-эпостық жырларында ақиқат намыстың жарқын мысалдарын көптеп кездестіруге болады. Қазақ батырлары өр мінезді, қайсар, көзсіз батыр бола отырып, жеке намысын қолдан бермеген. Сонымен қатар олар намысты ақыл деңгейінде де түсініп, жеке намысты ұлттық намыспен толықтырып отырған. Қарапайым жеке намыс одан күрделі рулық, жүздік және ұлттық дәрежесіне дейін дамыған. Батыр үшін, өз тайпасы, ұлты немесе халқының намысы жеке намыстан жоғары тұрған. Мәселен Кенесары, Наурызбай, Ағыбай батырлар ұлт намысын өз өмірлерінен жоғары қойды емес пе? Сондықтан қаһармандық жырларды жастардың санасына сіңіре отырып өсіріп, жеке және ұлттық намыстың ұлттық рухани-құндылықтық феномен екендігіне баса назар аударуымыз қажет.

Ақиқат намысты жалған намыспен, рулық мақтаншылықпен шатастырмай, оны тәрбиелілікпен, төзімділікпен, ұстамдылықпен, ақылдылықпен ұштастыра отырып, ұлттық, мемлекеттік деңгейге жеткізуге болатындығын ескеруіміз қажет. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында мерт болған жастар ұлттық намыс үшін өмірлерін қиды. Бұл – бәріміз мақтаныш ететін оқиға. Сондықтан ұлт боламыз десек, мықты мемлекет боламыз десек, «намыс» ұлттың маңызды бөлшегі, құрамы екенін есте сақтағанымыз жөн. Қазақша білмегеніне намыстанбайтын қазақтар да баршылық. Оған бірнеше жыл бойы Ресей империясының бөлшегі болып келгенімізді себеп етуге болтын да шығар. Бірақ тәуелсіздік алғалы да бір ширек ғасыр өтіп, бір ұрпақ өсіп шықты емес пе?

Ұлттың болашағын баянды етуде әрбір адам бойында табылуы керек қасиеттердің бірі – «парыз». Парыз – нәпсі мен төменгі тілектерден жоғары тұратын қасиет. Парызды маңыздылығы жағынан ар-ұжданмен қатар қоюға болады. Парыз ұғымын адамның ішкі адагершілік санасын, тәртібін бақылап отыратын ішкі адами ұстын деуге болады. Парыз – көптеген ойшылдардың еңбектерінде ерекше орынға ие категориялардың бірі. 9-ғасырдан бастап атауы философия тарихында белгілі бола бастаған Таза ағайындардың (Ихваан ас-сафа) Рухани қала (әл Мадина ар Руханийя) туралы ілімінде Рухани басшының 12 қасиетінің бірі ретінде оның қарамағындағыларға адал және мейірімді, ізгілікті болуды парыз санайтындығы айтылса, әлемдегі екінші ұстаз атанған әл-Фараби бабамыздың да «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» парыз мәселесі ашылған. Ғалым осы Ізгі қала басшысының қасиеттерінің бірі ретінде ар-намысты болуды айтса, екінші бір қасиеті ретінде оның халқы алдында әділ болуды парыз санайтынын баяндаған. Бір қызығы, Таза ағайындардың Рухани қала басшысының бойында болуға тиіс қасиеттер әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегіндегі басшы қасиеттерімен бірдей, айырмашылығы, «Таза ағайындар» ілімінің діни мазмұны күштірек [5, 56 б.].

Классикалық неміс философиясының көрнекті өкілі И. Канттың шығармашылығында да парыз мәселесі керемет шешілген. Оның тұжырымдауынша, адам ақыл-ойының көмегімен адамгершілік ережелерін жасақтауға қабілетті. Бұл ережелерді Кант екі түрге бөліп көрсетеді: шартты және міндетті түрде орындалуға тиіс, бұлжымайтын ережелер.

«Шартты ережелерді орындау-орындамау адамның өз еркінде. Мысалы әрбір адам денсаулығын күткені дұрыс деп шартты түрде ұсынылады, бірақ денсаулығыңыз туралы бас қатырғыңыз келмесе, ол сіздің жеке проблеманыз. Ал адамгершіліктік талаптарды, Канттың пікірінше» әрбір адам орындауға міндетті [5, 152 б.].» Бұл шарттарды Кант адамгершілік заңы, бұлжымайтын императив ретінде қарастырады.

И.Канттың бұлжымайтын императиві парыз ұғымына негізделген. Кант парызды аса жоғары бағалайды. Адам өзі мен адамзат алдындағы парызын орындау жолында өзінің рухани адамгершіліктерін жүзеге асырады, табиғи инстинктерді жеңіп, адамдық бастауын сақтап қалу қабілетін дәлелдейді. .

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев жиырма сегізінші қарасөзінде «Сен жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, бірақ қылдырған Құдай емес, ауруды жаратқан – Құдай, ауыртқан Құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес деп, нанып, ұқ» [6, 26 б.] дей отырып, әрбір адам өз ісінің егесі, болмасаң да ұқсап бақ деп «Толық адам» ілімін ұсынады. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы «ар ілімін» ұсынды.

Философ Ғарифолла Есімнің айтуынша: «Арлы адам, алдымен, Құдайына қараған, Құдай мақұлдамайтын іске бармайтын адам. Ар – әр адамның өз ісінің төрешісі. Құдай құратын «сотқа» дейін адам өзінің арының алдында жауап бермек» [7, 67 б.].

Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деп қарастыруымызға болады.

Сонымен қатар, әрбір жастың санасына сіңіретін ұғымдардың бірі – кісілік. Кісілік – адам болып өмір сүрудің жоғары деңгейін білдіретін ұғым. Атам қазақ қоғамда адамгершілігімен, әділдігімен көзге түскен адамды «жақсы кісі» деп бағалаған. «Кісі» ұғымы қазақ тілінде екі мағынада қолданылады. Біріншісі, қарапайым сана деңгейінде, кез-келген, бөгде, өзіңізге таныс емес бөтен адамды айта аласыз. «Кісінің» екіншісі философиялық санаға тән ұғым. Кісілік қасиет өзіне, туыстарына ғана емес өзге, танымайтын, бөтен адамдарға жақсылық жасай алатын, риясыз, яғни қайтарымын күтпей қол ұшын бере алатын адамның ғана қасиеті. Кісілік «пенде» ұғымына қарсы ұғым. Пендешілік күнделікті күйбең тіршілікпен, қарабасының ғана қамын күйттейтін адамның қасиеті. Қазіргі заманғы қазақ философиясының бірі Ғарифолла Есім: «Пендешіліктің кісілікке қатысы жоқ. Пендешілік болған жерде кісіліктің қуаты сарқылып қалмақ [7, 27 б.]», – деген пікір айтқан. Барлығымыз да бірінші кезекте пендеміз. Бірақ кісілік қасиетті жолдас етін, бойымыздағы адамгершілікті шыңдау кез-келгеніміздің қолымыздан келетін іс. Адам жақсы, парасатты, әдепті болып тұмайды. Бізді жақсы, парасатты, әдепті болуға өскен ортамыз тәрбиелейді. Ал біз қандай ортадан шықтық? Намыс пен парызды ту еткен халықтың ұрпағымыз. Ата-бабамыздың осындай рухани мұрасын жаңғырту арқылы ғана рухты шыңдай аламыз.

Әрбір жас білім алушыға атадан мирасқа қалған жері мен тарихын қастерлейтін, діні мен тілін сақтай алатын, ділі мен дәстүріне адал, түп-тамырын, яғни жеті атасын білетіндей мүмкіншілік жасау – білім берушіге парыз. Жеке бастың пайдасы мен пайдакүнемдік мүдде жоғары тұратын мына жаһандану жағдайында тәрбие білімнің бір бөлігін құрауы тиіс. Әл-Фарабидің тәрбиесіз берілген білім қауіпті екендігі туралы ескертпесі өте орынды. Тәрбиелік тұрғыдағы білім берудің заңды жалғасы ретінде интеллектуалды әлеуетті көтеру мәселесі аса маңызды мәселе болып саналады.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының интеллектуалды әлеуеті – оның «туа біткен» немесе «жүре қалыптасқан» мүмкіндіктерінен бөлек өз ресурстары, атап айтқанда, қабілеті, сол арқылы меңгерген білімі, мамандықты меңгерудегі біліктілігі, бағыт-бағдары, ақыл ресурстары, дүниетанымдық мүмкіндіктері мен айналаға сыни көзқарастарының жүйесі болып саналады. «Адамның ақыл-ой дамуы таным іс-әрекетін меңгерумен тікелей тығыз байланысты болғандықтан, философиялық және психологиялық таным теориясы, дидактикалық теориялар (дамыта оқу мен проблемалы оқыту), сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету теориясы ерекше маңызға ие [8, 314 б.]».

Философиялық таным теориясы тұрғысынан келер болсақ, Сократтың «өзіңді танымай тұрып өзгені танымын дегені күлкімді тудырады» дегенін еске алар болсақ, біздің ата-бабамыз өз тарихында ешқандай ұялатын іс істемеген. Исламға дейінгі арабтардың тарихына үңілсеңіз, жаугершілік заманда қызы көп туыла берген отбасыда, ұл емес қыз тудың деп әйелдеріне ренжіген отағасылардың өз қызын өзі өлтірін тастаған жағдайы белгілі. Ондай істі біздің қазақ жасаған жоқ. Сондықтан «біз қайдан келдік?» демекші, өткен тарихымызды жіті меңгерткен абзал.

Тұлғаның, білім алушының, түптеп келгенде болашақ кәсіптік оқыту педагогының интеллектуалды дамуының теориялық негіздеріне келер болсақ, онда «интеллект» ұғымынан бастаған жөн. «Интеллект» ұғымы латынның «intellectus» деген сөзден аударғанда «ақыл», «ақыл-парасат», «түсінік», «таным», «ойлау қызметінің жоғары типі» деген мағынаны білдіреді. «Интеллект» ұғымы неше ғасырлардан бері дүниежүзі ғалымдарын толғандырған мәселе. Ежелгі гректердің тарихында ой еңбегімен айналысқан адамдарды дене еңбегінен босатқан. Бұл жүздеген даналардың дүниеге келуіне жол ашты. Сақ елінің данасы Анахарсистиң де Грекияға білім іздеп баруының себебі де осы болса керек. Осылайша Анахарсистиң гректің ұлы жеті данасының бірі ретінде саналатыны тарихтан белгілі. Әлемнің бірінші ұстазы гректен шыққан Аристотель болса, әлемнің екінші ұстазы қазақ даласынан шыққан әл-Фараби екені де белгілі. Сондықтан даналардан қалған даналық ойларды меңгерудің қажеттілігі туралы айта отырып, «Философия» пәні болашақ педагогтар үшін бір семестр емес, жыл бойы оқытылатын пәнге айналуы қажет деп есептейміз.

Интеллект, біріншіден, тұлғаның ақыл-ой қабілетінің тұрақты құрылымы болса, екіншіден, ол тұлғаның белгілі бір нәрсені танып білудегі, оны меңгерудегі және оны шешудегі мінез-құлық сипаттарының жинағы ретінде көрініс беретін, тұлғаның іс-әрекетінің табыстылығын анықтайтын танымдық қабілеттерінің жиынтығы болып саналады. Ақыл-ой мен интеллект екі түрлі ұғым болғанымен, интеллект ақыл-ой қабілеттерінің нәтижесі.

Биологиялық тұрғыдан интеллект дегеніміз адамның жаңа жағдайларға саналы түрде бейімделу қабілеті деп анықталады. Ал педагогикалық тұрғыдан келер болсақ, интеллект оқуға деген қабілеттілік, білімділік деген ұғымдармен сипатталады. Америкалық ғалым Дэвид Векслердің пайымдауынша интеллект – ақылмен іс-әрекет жасау, рационалды түрде ойлау және өмірлік мәселелерді дұрыс жеңе білу, яғни интеллект – адамның қоршаған ортаға бейімделе алу қабілеті. Орыс психологы А.Ф.Лазурский адамның интеллектуалды белсенділігін зерттей келе оның үш деңгейін анықтаған:

- төменгі деңгей. Индивид ортаға бейімделмеген, оның әлсіз психикасын орта басып тастайды;
- орташа деңгей. Адам ортаға тез бейімделеді және өзінің психологиялық ахуалына сәйкес өзіне лайықты орын табады;
- жоғарғы деңгей. Бұл деңгей тұлғаның қоршаған ортаны өзгертуге деген құлшынысымен сипатталады [8, 316 б.].

Демек, интеллект тұлғаға адамның дүниені тану жолындағы кездесетін мәселелерді шеше білу, алдына мақсат қоя білу қабілетімен байланысты ұғым. Адам мақсатты өз мүмкіндіктерінің шеңберіне сәйкес қояды. Сол мақсатқа жетудің жолдарын қарастырады. Осы істерді атқаруда интеллект негізгі рөлді атқарады. Адам ойының терендігі, ойлау жылдамдығы, қисынды ойлауы

мен ішкі түйсігінің сезімталдығы, ойлау дәлдігі мен айналаға, өзгеге және өзіне деген сыни көзқарастары тұлға интеллектісінің сапалары қатарын құрайды.

Биоәлеуметтік жан иесі ретінде адам алған білімін әлеуметтік мәселелерді шешуде және өмірлік міндеттерін жүзеге асыру мақсатында қолданады. Оны қолдана алудың өзі шеберлік пен дағдыға ұласады. Ғалымдар тұлғаның интеллектуалды әлеуетінің көрінуі және даму факторларын сипаттайтын интеллект түрлерін төртке бөліп көрсеткен. Олар: жалпы интеллект, әлеуметтік интеллект, эмоционалды интеллект және тәжірибелік интеллект. Адамның өз өмірінде кездесетін өзекті мәселелерді танып білу мен шешуге қатысты жалпы қабілеттерін жалпы интеллект дейміз. Адамға ойлау қабілеті тән. Адам айналады болып жатқан нәрселерді сезінеді, өзінің танымдық қабілеттерінің деңгейіне сәйкес қабылдайды, оны түйсінеді және шешу жолдарын қарастырады. Адамның ішкі қалауы, болашағын елестетуі осының бәрі жалпы интеллект деңгейінде жүзеге асады.

Әлеуметтік интеллект адамның әлеуметтік ортада қалыптасқан этика, мінез құлық жайлы ережелер, мораль мен құқық, ар-ұждан мәселелеріне қатысты тұлғалық белгілердің жоғарылығымен байқалатын таным түрі. Адам қоғамда, белгілі бір отбасында өмір сүреді. Сол ортаның адамы ретінде сол ортада қалыптасқан тәртіптер мен ережелерді, әдет ғұрыптарды, моральдық ұстанымдарды қабылдайды. Шығыс халқында батыстықтарға қарағанда ұжымдық мүдде жеке мүддеден жоғары тұрып, қоғамдық ой, қоғамдық тәртіп жеке мүддені бағындырады. Тіпті кез келген бала ата-анасы ұстанатын дінді ұстанады. Міне, осы үдеріске бейімделуде әлеуметтік интеллект шешуші рөл атқарады. Болып жатқан жағдайларды сыни бағалап, уәжге келе білу, әлеуметтік ортада жүріс тұрысты болжай білу, мінез-құлықты қадағалау, адамдармен қарым-қатынас орната білу мен тіл табысып, еркін араласа білу қабілеті адамның әлеуметтік интеллектіне байланысты болады. Әл-Фараби адам өмірінің мақсаты – бақытқа жету деп түсінді және де оның ойынша адам бақытқа жалғыз жете алмайды. Демек әл-Фараби адамның әлеуметтік ортадағы орнын қарастырып отыр. Әлеуметтік ортаға бейімделу адамға жақсылық мен жамандықты, ізгілік пен зұлымдықты, әдемілік пен ұсқынсыздықты, әдептілік пен сиықсыздықты ажырата білуді талап етеді. Мұндай қабілет тұлғаға өзара ортақ іске шығармашылық жұмысқа қабілетін шыңдайды.

Эмоциялық интеллект адамдардың өзара қарым-қатынасы барысында шешім қабылдау үшін эмоционалды ақпараттарды негіз ретінде пайдалану қабілеті. Қуаныш, мақтаныш, өкіну, ашу, ыз, кек, торығу мен жалығу сияқты белгілі бір эмоцияны тудыратын себептер мен факторларды түсіне білу.

Тәжірибелік интеллект – тұлғаның кәсіби қызмет барысында білімін пайдалана алу біліктілігінің дейгейі саналады. Демек, ғылыми және тұлғалық білімдерін табысты игеру сатысы. Мұнда болашақ маманның саналы деңгейде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы орын алады. Осы барлық айтылған өлшемдер – тұлға болмысының интеллектуалды қабілеттілін, сана-сезімін, ұлтқа деген қатынасын, өзін-өзі тануын, азаматтығын бекітудің негізі.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және кәсіби қалыптасуында әлеуметтік ортаның нақты жағдайларын ескере отырып, тұлғаны тәрбиелеу барысында әртүрлі шаралар жүйесін құру туралы ғылым және тәжірибені құрайтын әлеуметтік педагогиканың да алатын орнын атап өткен жөн. Әлеуметтік педагогика – әлеуметтік ортаның жеке тұлғаның тәрбиесі мен қалыптасуына әсерін анықтауға үлкен мән береді. Әлеуметтік педагогиканың әлеуметтік жұмыспен байланысына мән бере отырып, Ева Маринович Гетка былай дейді: «Қазіргі әлеуметтік жұмыс әртүрлі контексте және деңгейде дамыса да өзара тығыз байланысқан тәжірибені мен теорияны қамтиды. Әрі тәжірибе, әрі оқу пәні ретіндегі осы екі салада әлеуметтік жұмыстың дамуын жан-жақты талдауға, әлеуметтік жұмыстың тәжірибелік мазмұнын сараптауға мүмкіндік беретін позицияны табу қажет. Ол позиция, әрине, білім. Ал оның қайнар көзі – тәжірибе мен ондағы қызметті біріккен парадигмада қарастыратын әлеуметтік педагогика болып табылады [9, 13 б.].» Әлеуметтік педагогика педагогтың қоғамдық саладағы мәселелерді шешуге әзірлігін, өзінің жеке қасиеттерін алға қойылған педагогикалық міндетті шешуге бағыттай білуін және қандай да болмасын жағдаяттарда өз қылығын бақылай білуін шыңдаса, әлеуметтік жұмыс болашақ маманның тартымдылығы мен талғамын, адалдық, әділдік, заманына сай болу мен ғумандылық, қайырымдылық, ашықтық, көрегендік сияқты қасиеттерін шыңдайды.

«Тұлға дұрыс қалыптасуы үшін жүргізілетін жеке тұлғаға арналған педагогикалық қолдаудың мазмұны адамды алда көздеген нәтижелерден алшақтататын кедергілерді жеңу жолдарын қамтиды

[10, 198 б.]. Демек тұлғамен бірге оның өзін өзі ұйымдастыруы жолында позитивті нәтижеге қол жеткізуге кедергі жасайтын мәселелерді жеңу жолдарын анықтау маңызды. Бұл жолда «Философия», «Психология» ғылымдардың маңыздылығы артатыны сөзсіз.

Қорытынды. Қазіргі таңда білім беру мәселесі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны мәлім. «Білім берудің 2020 жылға дейінгі ұзақмерзімді бағдарламасы» жобасында аталып өткендей, білім еліміздің болашақ экономикалық гүлденуі жолында тірек болатын платформаға айналуы керек [11, 5 б.]. Қазақстан өз ұлтынан интеллектуалды ұлт жасаған кезде ғана жастарымыз моральдық, мәдени және интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізеді. Білімнің міндеті мен мақсаты, оның мазмұны, білімді модернизациялау кезіндегі мәселелік аспектілері ылғи да талас тудыруда. Өйткені білім дегеніміз – академиялық білімділіктің алғышарты ғана емес. Ол – гуманды болашақты қалыптастырудың кепілі [12, 3 б.].

Қорыта айтқанда, білім алу – тек сауатты болу емес, өз болмысын, сонан соң дамыған тұлғаның жоғары сұранысына қарай айналадағы ортаны өзгерту деген сөз. Өзгерген орта жаңа қатынас, ұмтылыстар жүйесін тудырады. Мұндай жағдай әр адамның жеке өмір сүру салты мен тәжірибесінен жоғары және әлдеқайда кең. Ол өзі күтпеген жерде ой туындататын, өзін-өзі ұйымдастыру қажеттігіне тап болады, яғни ол өз тәжірибесі мен мүмкіндігін кеңейтуге мәжбүр. Дәл осы уақытта білім адамға көмекке келеді. Білім – адам болмысын түбегейлі өзгертетін құндылық. Құндылық адамның рухани әлемінің негізін құрайды. Олар адамның сезімін, ойын, еркін біртұтас бірлікке келтіреді және адамды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Білім көмегімен ұлттық құндылықтарымыздың құдыретін танып, оның мәдени-тарихи негіздерін игеріп, адамзат игілігіне қызмет ету аясын кеңейтеміз, ұлттық тәрбиедегі туган жер, атақоныс, елдік пен ерлік, азаматтық пен адамгершілік, имандылық пен парасаттылық, өмір өткелдері, қоғам жайлы философиялық толғау тұжырымдарын, шешендік өнерді дүниеге келтірген даналарымыз бен ойшылдарымыздың адамзаттың рухани дамуындағы қайталанбас орнын анықтаймыз; ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды үйлесімді дамыта отырып, адамзаттың бүгінгі мен ертеңіне қызмет етуін қамтамасыз етеміз [13, 25 б.].

Қай мемлекет болмасын, жарқын даму болашағын өзінің жастарымен сабақтастырады. Себебі, жастар жаңа толқын иелері, ал Қазақстан үшін жастар – тәуелсіз сана иелері. Содан болмасын Елбасы кез келген Жолдауында міндетті түрде жастар мәселесін көтеріп, үлкен сенім артатыны мәлім [14, 9 б.].

Бұл жердегі басты мәселе қоғамның рухани деңгейін көтеру үшін жастарға білім берін қана қоймай, адамгершілікке жетелейтін, адамшылық пен адалдыққа, ізгілік пен жанашырлыққа, елін, ұлтын сүйуге тәрбиелейтін құндылықтармен азықтандыру. Міне, осындай құндылықтарды бойына сіңірін өскен жастар ел тізгінін қолына алған кезде тәуелсіздіктің көк туын мәңгі желбіретеді деген сенімдеміз.

Н.П.Танкиш, А.Б.Шалдарбекова

Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТНЫХ КАЧЕСТВ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Целью статьи является выявление некоторых проблем формирования личностных качеств будущих педагогов профессионального образования, а также анализ духовных основ формирования личностных качеств специалистов во всех сферах профессиональной деятельности, необходимых обществу как ключевому условию будущего развития. Описаны способы возрождения лучших традиций и национально-культурных основ нашего народа, а также вопросы укрепления национальной идеи и национальной политики. То, что мы называем национальной идеей здесь, это «Казахская нация – вечный народ». «Быть вечным народом – значит оставаться казахской нацией, передавать свой язык, религию, менталитет, природу, культуру, обычаи, дух из поколения в поколение и оставлять свой уникальный след в мире». Это характеризуется тем, что, если все слои общества понимают и участвуют в выполнении этой священной задачи, они могут создать среду, основанную на образовании и науке, которая обеспечит вечность нашему народу. Национальная идея рассматривается как основа развития интеллектуального

потенциала личности в информационном обществе. Поэтому было установлено, что идея «казахского народа – вечной страны» напрямую связана с национальным проектом по формированию интеллектуальной нации, формированию интеллектуального потенциала нации через формирование высокодуховной образованной личности.

В статье показано, как сформировать национальный дух молодежи, будущих специалистов и широких слоев населения как одного из столпов общенационального образовательного процесса в рамках национальной идеи «Мәңгілік Ел». Авторы «Мәңгілік Ел» фокусируются не только на теоретических, но и на практических аспектах национальной идеи, но и ищут ответы на вопросы «Кто мы?», «Откуда мы пришли?», «Куда мы идем?». Отвечая на эти вопросы, было отмечено, что сегодняшние молодые люди являются потомками людей, которые не потеряли такие качества, как честь, долг, личность, щедрость, благоразумие, организация, забота, гостеприимство, удовлетворенность, какими бы трудными ни были времена. Проводился углубленный философский анализ таких категорий, как «личность». Это также иллюстрируется усилиями активистов Алаша, их предков, их ответственностью перед своей родиной и самоотверженной работой потомков, готовых отдать свою жизнь за страну.

Для казахов позор страшнее смерти. Недаром говорят, «Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді» – «Мужчину убивает честь, а зайца – камыш». Прежде всего, в качестве примера, демонстрирующего молодым людям понятие чести, приводится различие между «ложной честью» и «истинной честью». Тот факт, что «честь» является высшим человеческим качеством, высшей ценностью в сознании казахского народа, подтверждается тем фактом, что такие герои, как Кенесары, Наурызбай, Ағыбай ставят честь нации выше своих жизней.

Понятие «парыз» представлено как внутренний человеческий стержень, который управляет подсознанием и поведением человека, что сочетается с качествами лидера «Благородного города» аль-Фараби.

Говоря о теоретических основах интеллектуального развития личности, студента и, в конечном итоге, будущего педагога профессионального образования, авторы проанализировали уровни интеллектуальной активности личности, выделенные русским психологом А.Ф. Лазурским. Он рассмотрел роль социальной среды в личностном и профессиональном развитии будущих педагогов профессионального образования, отметил роль социальной педагогики. Установлено, что образование – это не только грамотность, но и способность изменить свою личность и окружающую среду в ответ на высокие требования к развитой личности. Новизна статьи заключается в том, что она раскрывает будущим специалистам роль национальных ценностей в национальном образовании в рамках национальной идеи «Мәңгілік Ел», показывает пути и механизмы национального образования.

Ключевые слова: духовное возрождение, вечный народ, интеллектуальная нация, долг, интеллект, разум, понимание, знание.

N.P. Tangkish, A.B. Shaldarbekova

M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

THE ROLE OF THE NATIONAL IDEA «MANGILIK EL» IN THE FORMATION OF PERSONAL QUALITIES OF THE FUTURE TEACHER OF PROFESSIONAL TRAINING IN KAZAKHSTAN

Abstract. The aim of the article is to identify some problems of the formation of personal qualities of future teachers of vocational education, as well as an analysis of the spiritual foundations of the formation of personal qualities of specialists in all areas of professional activity necessary for society as a key condition for future development. It describes how to revive the best traditions and national cultural foundations of our people, as well as issues of strengthening the national idea and national policy. What we call the national idea here is «The Kazakh nation is an eternal people». «Being an eternal people means to remain the Kazakh nation, to transmit your language, religion, mentality, nature, culture, customs, spirit from generation to generation and leave your unique mark in the world». This is characterized by the fact that if all sectors of society understand and participate in the fulfillment of this sacred task, they can create an environment based on education and science that will provide eternity to our people. The national idea is considered as the basis for the development of the intellectual potential of the individual in the information society. Therefore, it was established that the idea of «the Kazakh people – an eternal country» is directly related to the national project on formation an intellectual nation, formation the intellectual potential of a nation through the formation of a highly spiritual, educated personality.

The article shows how to form the national spirit of youth, future specialists and the general public as one of the pillars of the national educational process in the framework of the national idea «Mángilik El». The authors of Mángilik El focus not only on the theoretical, but also on the practical aspects of the national idea, but also look for

answers to the questions «Who are we?», «Where are we from?», «Where are we going?». Answering these questions, it was noted that today's young people are descendants of people who have not lost such qualities as honor, duty, personality, generosity, prudence, organization, care, hospitality, satisfaction, no matter how difficult times may be. An in-depth philosophical analysis of such categories as «personality» was carried out. This is also illustrated by the efforts of Alash activists, their ancestors, their responsibility to their homeland and the dedicated work of descendants who are ready to give their lives for the country.

For Kazakhs, shame is worse than death. No wonder they say, «Qoıandy qamys, jigitti namys óltiredi» – «Man kills by honor, and a hare kills by reeds». First of all, as an example, demonstrating the concept of honor to young people, the distinction between «false honor» and «true honor» is given. The fact that «honor» is the highest human quality, the highest value in the minds of the Kazakh people is confirmed by the fact that heroes such as Kenesary, Nauryzbay, Agybay put the honor of the nation above their lives.

The concept of «Paryz» is presented as an internal human soul core that controls the subconscious and human behavior, which is combined with the qualities of the leader of the «Noble City» Al-Farabi.

Speaking about the theoretical foundations of the intellectual development of the individual person, the student and, ultimately, the future teacher of vocational education, the authors analyzed the levels of intellectual activity of the individual person, identified by the Russian psychologist A.F. Lazursky. He considered the role of the social environment in the personal and professional development of future teachers of vocational education, noted the role of social pedagogy. It has been established that education is not only literacy, but also the ability to change own personality and environment in response to high demands on a developed individual person. The novelty of the article lies in the fact that it reveals to future specialists the role of national values in national education in the framework of the national idea «Máńgilik El», shows the ways and mechanisms of national education.

Keywords: spiritual rebirth, eternal people, intellectual nation, duty, intellect, mind, understanding, knowledge.

Information about the authors:

Tangkish Nazira – PhD student, South Kazakhstan State University M.Auezova, tankish81@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0951-2144>;

Shaldarbekova Aisha – candidate of philosophical sciences senior teacher South Kazakhstan State University M.Auezova, Aishaldar1975@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1694-8811>

ӘДЕБИЕТ

[1] Салғараұлы Қ. Түрік қағанаты жөнінде бірер сөз немесе тарихи шындық тасада қалмасын // Ақиқат, 2006. №1. 12-19 б.

[2] Шалдарбекова А.Б. Шалдарбекова М.Б. Тәуелсіз Қазақстан дамуының ерекшеліктері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Хабаршы. II бөлім. №3(112). Астана, 2016. 594 б.

[3] Даутова С.Б. «М.Өуезов шығармашылығы және «мәңгілік ел» ұлттық идеясының сабақтастығы» // Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(57). Алматы, 2018. 405 б.

[4] Аюпова З. К., Құсайынов Д. Ө. «Қазақстандағы білім жүйесінің рухани арналары мен саяси философиялық бағыттары» // Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының Хабаршысы. Алматы, 2016. №6. 378 б.

[5] Нұрышева Г.Ж. Философия. Алматы, 2016. 278 б.

[6] Құнанбаев А. Қарасөздер. Алматы: «Өнер, 2010. 122 б.

[7] Ғарифолла Е. Қазақ философиясы. Алматы, 2008. 205 б.

[8] Мәңгілік ел / Жоғары оқу орнына арналған оқулық. Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2015. 235 б.

[9] Ewa Marynowicz Hetka. Social Pedagogy and Social Work: An analysis of their Relationship from a Socio-pedagogical Perspective Sociální pedagogika | Social Education Volume 4, Issue 1, pp. 13–24, April 2016. ISSN 1805-8825 | doi:10.7441/soced.2018.04.01.01

[10] Касымова Г. К., Юркова М. «Жаһандық білім беру контекстіндегі тұлғаның өзін-өзі дамытуы: құндылықтар мен сәйкестіктердің өзгеруі» // Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының Хабаршысы. Алматы, 2019. №6. 370 б.

[11] Долгосрочная программа развития образования до 2020 г. Проект // <http://www.edu.gov.kz>. 63 с.

[12] Едильбаева С.Ж. Постмодернистская философия образования. Алматы, 2013. С. 293

[13] Шалдарбекова А.Б. М.Жұмабаев шығармашылығындағы тарихи таным мәселелері. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты. Алматы, 2007. 30 б.

[14] Мурзаходжаев Қ. Нұрлы жолмен – нұрлы болашаққа // Лидер нации и формирование интеллектуального потенциала страны. Материалы форума молодых ученых. Алматы, 2015. С.222.